

УДК821.512.122.0
ББК83.3 (5Қаз)
М 37

Мәуленов А.
М 37 Фольклор және түркі халықтары әдебиетіндегі мифология. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 504 бет.
ISBN 978-9965-22-494-2

Қазақ мифологиясын зерттеп жүрген ғалым Алмасбек Мәуленовтің бұл монографиясы – түп негізі шумерлерден бастау алған арғықазақ мифологиясының қазақ әдебиеті дамуының түрлі кезеңінде алған орны мен дәстүр жалғастығын жанаша зерделеуге арналған.

Автор отандық ғылымда қазіргі кезге дейін мифтуындыгерлігі турасында айтылған әрбір ой мен пікірді жете бағамдай отырып, ендігі уақытта қазақ филологиясындағы мифте, фольклорда және әдебиет тарихында қалыптасқан ғылыми бірізге түскен жүйе арқылы арғықазақ мифологиясының арғытүріктік түбірлік тектестігін талдап, оның көне дәуірдегі мифтермен идеялық-әлеуметтік үйлестікте болып, ортақ үлгілерден бастау алатындығын дәлелдейді.

Кітап жоғарғы және орта мектеп мұғалімдері мен әдебиет саласындағы барша мамандарға, ұлт әдебиеті мен тарихын сүйер оқырман қауымға арналған.

УДК821.512.122.0
ББК83.3 (5Қаз)

ISBN 978-9965-22-494-2

© А. Мәуленов, 2015
© «Қазығұрт» баспасы», 2015

3. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯ

3.1. Ұлттық әдебиеттегі діни-мифтік шығармашылық ерекшеліктер

Патша отаршылығының бұғауынан құтыла алмайтынның жаксы түсінген қазақ ағартушылары оған қарсы тұрудың бірден-бір жолы білім мен ғылым деп таныды. Осы ұстаным олардың басын бір арнаға қосып, демократиялық-ағартушылық ағымда бой көрсетті. Жергілікті жағдайға байланысты Шығыста – Абайдың ақындық мектебі, Оңтүстікте – Сыр сұлейлерінің ақындық дәстүрі, Арқада – әншілік пен күйшілік өнердің үрдісі, Батыста – жыраулық-күйшілік мәдениеті өркендесе, Жетісуда – айтыскерлік әдебінің орталығы қалыптасып, бірі ерте, бірі кеш бой көрсетті. Бұл бұрын қазақ әдебиетінде болмаған, соны әдеби-құбылыс еді. Төл әдебиетімізде осындай әдеби мектептердің өмірге келуіне зар заман әдебиеті өкілдерінің рөлі ерекше болды. Олар қазақ әдебиеті тарихында бірінші рет шығармашылық тұлғалардың рухани идея аясында топтасып, отаршылдық жүйемен тынбай күресуінің тарихи алғышартын жасап берді. Енді осы әдеби процесс өз кезегінде қазақ қаламгерлері арасында ұстанған айқын бағыт-бағдары бар демократиялық-ағартушылық әдебиетті туғызды. Бұл әдеби ағым өкілдері түгелдей дерлік жазба әдебиет өкілдері еді. Олардың туындылары қолжазба күйінде де, татар баспаларынан кітап болып та басылып, ел арасына кеңінен тарай бастады. Олардың ішінде сол кездегі қазақ әлеміне зор сілкініс

туғызған үш шығарма болды. Олар: «Маса», «Оян, қазақ» және «Сарыарқаның кімдікі екендігі». Осы туындылар қазақ халқының басындағы барша қайғы-қасіреттің бірінші рет түп себебін ашып, жұртқа танылуымен құнды. «Оян, қазақ» және «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптарының күрескерлік рухынан шошыған патша үкіметі, олардың тиражын тәркіледі.

Жаңа тұрпаттағы қазақ поэзиясы көнеден тамыр тартқан бұрынғы дәстүр жалғастығын сақтай отырып, әлем мәдениетімен жете танысу арқылы көптеген әдеби жаңашылдықты қазақ әдебиетіне енгізді. Бұл жаңа енгізулер ұлттық көркем-эстетикалық талапқа сай қабылданып отырды. Мысалға, Абайдың «Евгений Онегиннен» жасаған аудармаларын поэзия жанрындағы өзгешеліктеріне қарамай, халық жатсынбай қабылдады. Сонымен бірге ақындар бұрыннан бар ескіні жаңғырта ұсыну әдеби амал-тәсілін шебер қолдана білді.

Сұлтанмахмұттың атақты әдеби сауалы «Кім жазықтымен?» аяқталады.

Өнер адамының, оның ішінде ақынның қоғамнан жәбір-жапа көруі, билік басындағыларға жақпауы – романтикалық штамптанған поэтикалық өрнек: «*Ақын тағдырын*» тудырды. Осы тақырыптың ХІХ ғасырдың 20-30 жылдарында ең танымал, ең жетекші тақырып болғандығы – әдебиет тарихынан белгілі. Міне, тап осы дәуірдегі орыс ақындарының шығармаларымен танысу барысында қазақ ақындары өздеріне таныс нәрсенің беймағұлым қыр-сырына қанығып, оны әдеби игеруді қолға алды.

Қазақ әдебиетіндегі ақын мен сөз өнері туралы тек М.Көпейұлы ғана жазып қойған жоқ, оған Шәкәрім де, Сұлтанмахмұт та және басқа көптеген ақындар қалам тартты. Олардың алдында ғұлама Абай осы романтикалық штамптанған тақырыптардың бойындағы ең басты құндылығы «*Ақын еркіндігі*» мен «*Шығармашылық азабын*» жаңаша өрнектеп, әдеби-эстетикалық биік тұғырға көтеріп кеткен еді. Бірақ, Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» т.б. өлеңдерін жазғанда – романтик емес, реалистке айналды.

Міржакып, Ахмет т.б. өнер адамын көкке көтеріп, өмір күңгірттігімен, сұрықсыздығымен күресуші озық ойлы жан бейнесінде – бірінші рет нақты саяси мән беріп, жаңаша жаңғыртты. Бұрын ол өз замандастары мен тұстастары қабылдамаған трагедиялық тұлға бейнесінде елестетіліп, бейнеленіліп келген еді. Енді осы бір кононданған тұлға азаматтық романтизмнің жаңа буын өкілдері тарапынан шығармашылық өзгеріске ұшырады. Осылайша, қазақ азаматтық романтизміндегі патша отаршылдығына қарсылық көрсетуші еркін де, тәкаппар ақын образын М.Көпейұлында – діни күрескер, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтарда – саяси күрескер бейнесінде бұрынғы ағартушылық ағымдағы насихатшы рөлі мен ағартушы кейпіне түбегейлі өзгеріс енгізіп, ендігі жерде ақынды қоғамдық құрылысқа, заңдасқан тәртіпке қарсылық білдіруші, саналы түрде *«ұлтына қызмет ету»* жолына түсуші асқақ романтикалық кейіпкерге айналдырды.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында мифтік образды, архетипті Бахтиннің енгізген теориясы бойынша *«ұғыну»* үдерісін төрт сәтке бөліп қарастырады. Біріншісі – таңбаны психофизиологиялық қабылдау, екіншісі – оның танылуы, үшіншісі – оның мәнін ол ұшырасатын белгілі бір контекст аясында түсіну, төртіншісі белсенді сұхбаттық ұғыным (активно-диалогическое понимание) болып табылады. Біз осы төрт сәттің негізінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі айтулы туындылардың мифопоэтикалық тылсымына бойлай аламыз.

Осы уақытқа дейін қазақ әдебиетінің тарихы түрлі көркемдік-эстетикалық деңгейде қарастырылып келеді, оның жанрлық табиғатына көп көңіл бөлініп зерделенгенімен, оның мифопоэтикалық тылсымына онша назар аударылмай келгені жасырын емес. Сондықтан, біз көбіне М.Бахтиннің саралауының төртінші сәтін қаперге алып, өз тарапымыздан А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Көпейұлы т.б. қаламгерлердің туындыларының мифопоэтикасын сараламақпыз. Белсенді сұхбаттық ұғыным көркем мәтінді толайым түсінуде қашан да сұхбаттық қарым-қатынас типі түрінде құрылып, екі түрлі көзқарастық ұстанымның жарыққа

3. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті және мифология	
3.1. Ұлттық әдебиеттегі діни-мифтік шығармашылық ерекшеліктер	195
3.2. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы және мифология үлгілері	237

4. Қазақ әдебиетіндегі тоталитарлық мифология	
4.1. XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы қазақ прозасындағы идеологиялық мифология	278
4.2. Тоталитарлық мифология және демифологизация	317
4.3. Қазақ прозасындағы авторлық миф және мифология	344

5. Тәуелсіздік жылдары прозасындағы постмодернизм және неомифологизм

5.1. Қазақ прозасындағы мифология және ремифолигизация	373
5.2. Ұлттық прозадағы неомифология және зоомифологизм	416
Сөз соңы	469
Глоссарий	475
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	484